

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы "Жаһандық байланыстар бағдарламасы арқылы ынтымақтастық" жобасы туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 334 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы «Жаһандық байланыстар бағдарламасы арқылы ынтымақтастық» жобасы туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы арасындағы «Жаһандық байланыстар бағдарламасы арқылы ынтымақтастық» жобасы туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К.Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 7 с ә у і р д е г і

№ 3 3 4 қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы «Жаһандық байланыстар бағдарламасы арқылы ынтымақтастық» жобасы туралы келісім**

Осы жерде және бұдан әрі жеке алғанда «Тарап» немесе бірлесіп «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) төмендегілер туралы келісті:

**1-бап. Келісімнің нысанасы**

1. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы өзінің Даму орталығы (бұдан әрі – ЭЫДҰ Даму орталығы) арқылы осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын I қосымшада көзделген «Жаһандық байланыстар бағдарламасы арқылы ынтымақтастық» жобасын (бұдан әрі – жоба) жүзеге асырады.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаға қатысты ЭЫДҰ Даму орталығы орындайтын жұмысты қаржыландыруға келіседі.
3. Жобаның ұзақтығы – қол қойылған күнінен бастап 20 ай.

## **2-бап. Бюджеттік және қаржылық тетіктер**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ-ға жобаны іске асыруға байланысты шығыстарды жабуға 90000 (тоқсан мың) евро мөлшерінде осы Келісімге II қосымшаға сәйкес евромен берілетін бюджетке сай жарна ұсынуға міндеттенеді.

2. Ж а р н а е к і к е з е ң д е :

1) осы Келісімге қол қойылған күннен бастап және ЭЫДҰ-дан тиісті төлем шоты алынғаннан кейін жарнаның 80 %-ы;

2) жоба соңында ЭЫДҰ-дан тиісті төлем шоты алынғаннан кейін жарнаның 20 %-ы төленетін болады.

3. ЭЫДҰ өзінің қаржылық регламентіне және қазіргі сәтте жалпы салымның 5,3 %-ы мөлшеріндегі әкімшілік шығындардың орнын толтыру төлемақысын көздейтін басқа да қолданылатын қағидаларға, саясат пен рәсімдерге сәйкес жарнаны әкімшілендіреді. Бухгалтерлік есептің жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына сәйкес шығыс ЭЫДҰ шоттарында көрсетіледі және ол ЭЫДҰ аудитінің стандартты қағидаларына сәйкес аудит кезінде тексерілуі мүмкін.

## **3-бап. Жұмыстар мен есептіліктің сипаты**

1. ЭЫДҰ жобаны осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын I қосымшада сипатталғандай жүзеге асырады.

2. Жобаның бірінші жылы аяқталғаннан кейін үш ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау нысанында жобаның барысы туралы есеп береді.

3. Жоба аяқталғаннан кейін алты ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау нысанында қорытынды есеп береді.

4. Жобаның бірінші жылы аяқталғаннан кейін үш ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығыстар туралы жылдық есеп береді.

5. Жоба аяқталғаннан кейін алты ай ішінде ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне шығыстар туралы қорытынды есеп береді.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі ЭЫДҰ есептілігінің стандартты форматына

сәйкес шығындар туралы есепте осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын III қосымшада сипатталғандай, қаржылық есептілікке қойылатын талаптар сақталатынымен келіседі.

#### **4-бап. Ақпарат алмасу**

Тараптар бір-біріне көмек және жобаны жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат береді.

Тараптар арасындағы кез келген ақпарат алмасу мына мекенжайға жіберіледі:

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі – 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Орынбор көшесі, № 8 үй, тел.: +7 (7172) 74-35-49 e-mail: k.syzdykov@e s o n o t u . g o v . k z ;

ЭЫДҰ үшін: Салық саясаты және салықтарды әкімшілендіру жөніндегі ЭЫДҰ орталығы - 75775, Франция, Париж қаласы, Андрэ-Паскаль көшесі, 2, Бонни Шефер, e-mail: bonnie.schaefer@oecd.org.

#### **5-бап. Жобаның нәтижелерін қолдану**

1. Жобаның кез келген нысандағы нәтижелері тек ЭЫДҰ-ның меншігі болып қ а л а д ы .

2. Құжаттардың жіктелуіне және жіктеуден шығарылуына қатысты, егер қолданылатын болса, үшінші тараптардың құқықтарын, сондай-ақ ЭЫДҰ қағидалары мен саясатын сақтай отырып, ЭЫДҰ Қазақстан Республикасының Үкіметіне кез келген мемлекеттік коммерциялық емес мақсаттар үшін жоба бойынша қорытынды есептің қағаз көшірмелерін қолдануға, көшіруге және таратуға айрықша емес, қайтарып алынбайтын құқық береді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі «тек оқу үшін» форматында қорытынды есептің толық нұсқасын өзінің веб-сайтында орналастыра алады және тарата алады.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі қажет жерде үнемі ЭЫДҰ-ның авторлық құқығын тиісті түрде мойындайды.

4. ЭЫДҰ осындай жарияланымның тілі мен нысанына қарамастан, қорытынды есепті бірінші жариялау құқығын өзіне қалдырады.

5. Қорытынды есеп Қазақстан Республикасы Үкіметінің жобаға қосқан үлесін мойындауды қамтитын болады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің рәмізі жарияланымның мұқабасының артқы бетінде немесе жоғарыда көрсетілген мойындаудың жанында жарияланымның ішінде орналастырылады.

6. Жоба барысында ЭЫДҰ-ға ұсынылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің меншігі болып табылатын кез келген деректер немесе ақпарат Қазақстан Республикасы

Үкіметінің меншігі болып табылады. ЭЫДҰ көрсетілген деректер мен ақпаратты өз есебін дайындау және жобаны барынша кеңінен жүзеге асыру мақсатында пайдалануға және/немесе енгізуге құқылы.

## **6-бап. Дауларды шешу**

Осы Келісімді түсіндіруден, қолданудан немесе орындаудан немесе оларға қатысты туындайтын, оның болуын, шынайылығын немесе тоқтатылуын қоса алғанда, келіссөздер жолымен шешу мүмкін емес кез келген дау, келіспеушілік немесе наразылық аралық соттың тұрақты палатасының осы Келісімді жасасу күніне қолданыстағы халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер үшін төрелік соттың факультативтік қағидаларына сәйкес міндетті күші бар соңғы төрелік талқылауымен шешіледі. Судьялар саны – біреу. Судья Тараптар арасындағы уағдаластық арқылы таңдалады, егер төрелік талап етілгеннен кейін үш ай ішінде мұндай уағдаластыққа қол жеткізілмесе, судья Тараптардың бірінің талабы бойынша жоғарыда көрсетілген қағидаларға сәйкес тағайындалады. Төрелік сот Франция, Парижде өтеді, барлық іс жүргізу және ұсынылатын түсініктемелер ағылшын тілінде болуы тиіс.

## **7-бап. Артықшылықтар мен иммунитеттер**

Осы Келісімде ештеңе халықаралық ұйым ретіндегі ЭЫДҰ артықшылықтары мен иммунитеттерінен бас тарту деп түсіндірілмеуі тиіс.

## **8-бап. Өзгерістер мен толықтырулар**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **9-бап. Күшіне енуі**

Осы Келісім екі Тарап қол қойғаннан кейін күшіне енеді және қолданылады. Осы Келісім одан туындайтын барлық міндеттемелерді екі Тарап орындағанға дейін қолданылады және жарамды болады.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде алты түпнұсқа данасына қол қойылды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндерде сәйкессіздік болған жағдайда, ағылшын тіліндегі нұсқасы жалғыз төлнұсқа болып саналады.

*Қазақстан Республикасының Экономикалық ынтымақтастық  
Үкіметінен және даму ұйымынан*

Ерболат Досаев мырза  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

Энтони Дж. Ротье мырза  
Атқарушы Директор

Қолы:..... Қолы:.....

Күні:..... Күні:.....

П а с к а л ь С е н т - А м а н м ы р з а

Даму орталығының директоры

Қолы:.....

Күні:.....

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Ү к і м е т і м е н Э к о н о м и к а л ы қ

ы н т ы м а қ т а с т ы қ

ж ә н е д а м у ұ й ы м ы н ы ң а р а с ы н д а ғ ы

« Ж а һ а н д ы қ б а й л а н ы с т а р

б а ғ д а р л а м а с ы

арқылы ынтымақтастық» ж о б а с ы

т у р а л ы к е л і с і м г е

І қ о с ы м ш а

**ЭЫДҰ – Қазақстан Республикасы  
«Жаһандық байланыстар бағдарламасы  
арқылы ынтымақтастық» жобасы**

А . М ә н м ә т і н

Қазақстан соңғы уақытта ЭЫДҰ-ның салық салу бойынша жұмыстарына қатысуын  
а й т а р л ы қ т а й ұ л ғ а й т т ы .

2012 жылғы шілдеде Қазақстан салық салу мақсаттары үшін ашықтық және ақпарат  
алмасу бойынша Жаһандық форумның мүшесі болды және 2014 жылғы шілдеде іске  
қосылған сараптамалық бағалаудың 1-ші сатысы бойынша ЭЫДҰ-мен жұмыс істейді.

2013 жылғы желтоқсанда Қазақстан салық жинау және бағалау саласында тараптар  
арасындағы әкімшілік ынтымақтастықтың барлық нысандарын көздейтін, атап  
айтқанда салық төлеуден жалтарумен күрес және ақпарат алмасу мақсатында Салық  
салу мәселелерінде өзара әкімшілік көмек туралы конвенцияға қол қойды.

Салық салу мәселелері жөніндегі комитет 2013 жылы Қазақстанға «шақырылған»  
м ә р т е б е с і н б е р д і .

Сондай-ақ Қазақстан салықтық келісімдер, трансферттік баға белгілеу және  
қосылған құн салығы мен салықтарды талқылау жөніндегі халықаралық  
конференциялар бойынша Жаһандық форумның кездесулері сияқты ЭЫДҰ  
о т ы р ы с т а р ы н а қ а т ы с т ы .

1997 жылдан бастап Қазақстан ЭЫДҰ-ның Анкарадағы көп жақты салықтық орталығының Жаһандық байланыс бағдарламасы шеңберінде жылына шамамен 5 шараға қатысқан болатын. Бұл салық органдарына салық саясаты саласында, әкімшілендіру мәселелерінде мығым негіз берді және өңірден өзге елдермен, сондай-ақ ЭЫДҰ-ға мүше елдермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

В. Жобаның негізгі іс-шараларының қысқаша мазмұндамасы

Жаһандық байланыстар бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастық мынадай тетіктердің көмегімен салық саласында Қазақстан мен ЭЫДҰ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге бағытталған.

1) 2015 – 2016 жылдары Қазақстанда жоғары деңгейлі көпжақты іс-шараларды әзірлеу және өткізу. Олар өңірдің 6-8 еліне және салық органдарының лауазымды тұлғалары мен саясаткерлер арасындағы желіні нығайтуға шоғырланатын болады,

о н ы ң і ш і н д е :

а. Кезеңде үш оқиға (2015 жылы – 1; 2016 жылы – 2);

б) Қазақстан үшін ерекше қызығушылық туғызатын тақырыптарға шоғырлану, бірақ мыналарды да қамтуы мүмкін, мысалы:

і. Салық салынатын базаны жасыру мен пайданың әкетілуіне (бұдан әрі – СБЖжПӨ ) қарсы іс-қимыл және халықаралық жалтару;

іі. Дамушы елдерге олардың алдында тұрған, оның ішінде салықтық жеңілдіктерді бейберекет пайдалану және табиғи ресурстарға салық салу проблемаларын шешуге көмек көрсету үшін құралдық шаралар мен шешімдер әзірлеу;

ііі. Салық заңнамасының сақталуына ерекше назар аудара отырып, салықтық әкімшілендіруді нығайту.

2) Қазақстанды 2016 жылдың аяғында жарияланатын «Азия үшін кірістер статистикасы» бюллетенінің болашақ басылымына енгізу жолымен статистикалық әлеуетті құруға көмектесу.

С . Ә д і с н а м а

1. Кездесуге арналған тақырыптар Қазақстан өкілдерімен талқыланды.

2. ЭЫДҰ әзірлеген шешімдерді өңірдегі реформалар процестерін алдын ала айқындау және салық органдарының лауазымды тұлғаларының иерархиясын құруға жәрдемдесу үшін СБЖжПӨ және салықтық әкімшілендіру сияқты негізгі салық с а л а л а р ы н д а п а й д а л а н у .

3. СБЖжПӨ жүйесінің құралдары сияқты, өзгертін өнімдерде өңірдің перспективаларына қолдау көрсету.

4. ЭЫДҰ басшылығымен халықаралық консультанттардың жәрдемімен өткізілетін і с - ш а р а л а р .

5. Кірістер статистикасы бойынша жұмыстар Салық саясаты орталығы (бұдан әрі – ССО) мен Даму орталығын (ДО) қоса алғанда, Азиядағы статистиканы әзірлеуге жауапты ЭЫДҰ командасымен тікелей консультациялар кезінде жүргізіледі.

Д .

Ж о с п а р л а у

ССО қызметтің түрлі элементтерін бағалау жөніндегі бастапқы миссиясы шақырылған адамдардың көлемін, тақырыптарды, ықтимал мерзімдерді, тапсыру тетіктерін және т.б. айқындайды, сондай-ақ кірістер статистикасын дамыту бойынша өзара іс-қимылды белгілейді. Қазақстанмен келісім бойынша 2015 жылғы мамыр-маусымда өтеді.

Е . К ү т і л е т і н н ә т и ж е л е р

1. Өзара іс-қимылды нығайту және Қазақстанның ЭЫДҰ органдарында қатысуы, Қазақстанның ЭЫДҰ-ның, оның ішінде СБЖЖПӘ жобаларына қатысты стандарттары мен құжаттарын сақтауына әкелуі мүмкін стандарттары және жұмыс әдістерімен қ а д а м д ы қ т а н ы с у .

2. Қазақстанға өңірдегі басқа елдермен, сондай-ақ Қазақстан Республикасын осыған ұқсас жобалар жүзеге асырылатын ЭЫДҰ елдерімен және Латын Америкасы мен Африка өңірі елдерімен салыстыруға мүмкіндік беретін статистикалық деректер базасында өзінің салықтық реформаларының стратегиясын құруға мүмкіндік береді.

3. Салық саясаты мен салықтық әкімшілендіруді қалыптастыру деңгейін арттыру, бұл қызметтің тиісті салаларында салық органдарының лауазымдық адамдардың арасында тәжірибе алмасудан болатын нақты нәтижелерден көрінеді және өткізілген іс-шаралардың нәтижелерін талдау арқылы бағаланатын болады.

4. 2016 жылдың аяғына қарай бағдарлама Қазақстанға салықтық құралдарға, оның ішінде Қазақстан және өңірдегі басқа да елдер бетпе-бет келетін халықаралық салықтық мәселелердің шешімі ретінде әзірленетін құралдарға тікелей қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Ү к і м е т і м е н Э к о н о м и к а л ы қ  
ы н т ы м а қ т а с т ы қ  
және даму ұйымының арасындағы  
«Ж а һ а н д ы қ б а й л а н ы с т а р  
б а ғ д а р л а м а с ы  
арқылы ынтымақтастық» ж о б а с ы  
т у р а л ы к е л і с і м г е  
II қосымша

## Евромен ұсынылатын бюджет

Атауы	Евро
Персонал бойынша шығыстар	45928
Сапарлар	18000

Зияткерлік көрсетілетін қызметтер	13400
Жарияланымдар мен аудармаларға арналған шығыстар	1015
Даму орталығының жобаға байланысты басқа да шығыстары	5987
ЭЫДҰ Гранттар әкімшілігі	5670
Шығыстардың жалпы сомасы	90000

Қазақстан Республикасының  
 Үкіметі мен Экономикалық  
 ынтымақтастық және даму  
 ұйымының арасындағы  
 «Жаһандық байланыстар  
 бағдарламасы арқылы  
 ынтымақтастық» жобасы  
 туралы келісімге  
 III қосымша

## ЭЫДҰ ЕСЕПТІЛІГІНІҢ СТАНДАРТТЫ ФОРМАТЫ

Э Ы Д Ұ  
 Экономикалық ынтымақтастық  
 және даму ұйымы

Сіздің сілтеме: донор және сілтеме: ХХХ  
 Біздің сілтеме: х х х  
 Сала: ХХХ

**Сілтеме: шығындар саласының сипаты**

**Жарна сомасы ХХХ евро**

КК/АА/ЖЖ бастап КК/АА/ЖЖ аралығындағы кезең

Шығындардың атауы	Евро
Персонал бойынша шығыстар	ХХХ
Сапарлар	ХХХ
Зияткерлік көрсетілетін қызметтер	ХХХ
Жарияланымдар мен аудармаларға арналған шығыстар	ХХХ
Жобаға байланысты басқа да шығыстар	ХХХ
ЭЫДҰ Гранттар әкімшілігі	ХХХ
Шығындардың жалпы сомасы	

Э Ы Д Ұ  
 Директоры

Есеп бөлімінің басшысы

Э Ы Д Ұ



Шығыстар саласы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т е с і !

Бұдан әрі тақырып ағылшын тілінде.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ